

Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 4 тамыз N 1205

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1995 жылғы 26 мамырда Минск қаласында жасалған Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ресми расталған мәтін

Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғауды
қамтамасыз ету жөніндегі ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын үкіметтер тұлғасындағы осы Келісімге қатысушы мемлекеттер,

азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу әрекеттерінің алдын алу және бұлтартпауға бағытталған келісілген шараларға қол жеткізуге ұмтыла отырып,

халықаралық келісімдер мен конвенцияларды, Тараптар қол қойған 1991 жылғы 25 желтоқсандағы Азаматтық авиация туралы және әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі келісімнің ережелерін басшылыққа ала отырып,
әуе қатынасы туралы екі жақты келісімнің ережелерін назарға ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

Осы Келісімнің мақсаты үшін онда пайдаланылатын терминдер:

"авиациялық қауіпсіздік" - шаралар кешені, сондай-ақ азаматтық авиацияны заңсыз араласу әрекеттерінен қорғауға арналған адамдық және материалдық ресурстар;

"Тараптардың аумақтары" - осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің дербестігіндегі құрлық және сулы кеңістік, оның ішінде аумақтық сулар және олардың үстіндегі әуе кеңістігі;

"Тараптардың әуе кемесі" - ұлттық заңдарға сәйкес Тараптардың азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген кез-келген әуе кемесі;

"заңсыз араласуға ұшыраған әуе кемесі" - заңсыз араласу әрекетін жасау туралы немесе жасау қаупі жөнінде борттан немесе соған қатысты хабар түскен немесе өзге де ақпарат бар Тараптардың бірінің әуе кемесі.

2-бап

Әрбір Тарап өз аумағында өзінің ұлттық заңдарына сәйкес азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу әрекеттерінің алдын алу жөнінде қажетті шаралар қабылдайды, оның ішінде авиациялық қауіпсіздік мүддесінде әуежайларды, әуе кемелерін күзетуді, жолаушыларды, қол жүгін және теңдеме жүкті тексеруді, сондай-ақ әуе кемелерінде тасымалданатын жүктерді бақылауды жүзеге асырады.

Әрбір Тарап тәжірибелік мүмкіндіктер шеңберінде екінші Тараптың, оның әуе кемелеріне қатысты қосымша авиациялық қауіпсіздік шараларын қабылдауға қатысты өтініштерін қанағаттандырады.

3-бап

Әрбір Тарап қауіп төнген немесе екінші Тараптың әуе кемесіне қатысты заңсыз араласу әрекетін жасалған жағдайда жедел түрде осы туралы екінші Тарапты хабардар етеді және осындай әрекеттің алдын алу және болдырмау үшін барлық қажетті шараларды, сондай-ақ қорғау және жолаушыларға, экипаж мүшелеріне қажетті көмек көрсету және әуе кемесінің, теңдеме жүктің, жүктің және почтаның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

Азаматтық авиация қызметіне қауіп төнген немесе заңсыз араласу әрекетін істеу туралы ақпарат келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету және өзара көмек көрсету үшін мүдделі Тараптарға уақытында жіберіледі.

4-бап

Аумағына екінші Тараптың заңсыз араласуға ұшыраған әуе кемесі қонған Тарап бар тәртіппен дипломатиялық (консулдық) мекемелердің, өкілетті органдардың өкілдеріне және олардың қажетті қызметтік міндеттемелерді орындауы үшін, Тараптардың мүдделі кәсіпорындарына оған енуін қамтамасыз етеді.

5-бап

Аумағына екінші Тараптың заңсыз араласуға ұшыраған әуе кемесі қонған Тарап қылмыстық әрекеттің жолын кескеннен кейін әуе кемесінің экипаж мүшелеріне және жолаушыларына олардың бару мекеніне дейін ұшуды жалғастыруына немесе ұшудың алғашқы мекеніне қайтуына қажетті көмек және жәрдем, сондай-ақ зардап шеккен тұлғаларға медициналық жәрдем көрсетеді.

6-бап

Тараптардың бірінің әуе кемесіне қатысты заңсыз араласу әрекетін жасаған немесе жасауға тырысқан тұлғаларға қатысты заңдық иелік, осы тұлғаларды беру, сондай-ақ осындай жағдайлардағы тергеулер кезінде құқықтық көмек көрсету мәселелері Тараптар қатысушы болып табылатын мемлекетаралық келісімдерге сәйкес шешіледі.

7-бап

Тараптар өзінің ұлттық авиациялық қауіпсіздік бағдарламаларын жетілдіру мақсатында ынтымақтасады.

Ынтымақтастық кадрларды дайындау бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ авиациялық қауіпсіздік және әуе кемелеріне, жолаушыларға, экипаж мүшелеріне, жүктерге және почтаға қызмет көрсету технологиясын қамтамасыз етудің бір ізге салынған тәртібін әзірлеу және қолдану саласында жүзеге асырылады.

8-бап

Тараптардың азаматтық авиацияны заңсыз араласу әрекеттерінен қорғау жөніндегі келісілген іс-қимылға қол жеткізу және осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру жөніндегі Тараптардың тиісті өкілетті органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында Мемлекетаралық авиациялық комитет жанынан Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылады.

9-бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты мәселелер Тараптардың өкілетті органдарының немесе Авиация және әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі кеңес арасында келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарды депозитарийге сақтауға тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

11-бап

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

12-бап

Әрбір Тарап осы жөнінде шығатын күнінен тоқсан күннен кешіктірмей депозитарийге жазбаша хабарлау арқылы осы Келісімнен шығуға құқылы.

13-бап

Осы Келісім, оның мақсаттары мен принциптерін бөлетін және өзіне осы

Келісімнен шығатын міндеттемелерді қабылдауға дайын басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Минск қаласында 1995 жылғы 26 мамырда бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқалық дана Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталады.

Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының
Үкіметі үшін

Армения Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін

Грузия Республикасының
Үкіметі үшін

Түрікменстан
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қырғызстан Республикасының
Үкіметі үшін

Украина
Үкіметі үшін

Осымен Минск қаласында 1995 жылы 26 мамырда өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің мәжілісінде қабылданған Азаматтық

авиацияны заңсыз араласу әрекеттерінен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі
ынтымақтастық туралы келісімнің көшірмесімен

бірдей болып табылатындығын куәландырамын. Жоғарыда аталған Келісімнің
түпнұсқалық данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы
Хатшылығында
сақталады.

Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығының Атқарушы
Хатшысының бірінші орынбасары

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.